Шығыс № 35
«16» 04 2021 жыл

«Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік
аудит комитетінің Алматы қаласы
бойынша ішкі мемлекеттік аудит
департаменті» РММ
«ЕрК Астана» ЖШС директоры
Х.А. Абжановтан
БИН 050140020244
Тел: 87759000085

«ЕрК Астана» ЖШС 2021 жылғы 03 наурыздағы **№ 5535842-1** «Ардагерлер аллеясы» шағын ауданын ағымдағы жөндеу конкурсына қатысқан болатын. Ұйымдастырушы "Алматы қаласы Медеу ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің "Электрондық мемлекеттік сатып алуды жүргізу қағидасының 150 тармақшасына сәйкес, Мемлекеттік сатып алу туралы Заңның 27-бабына сәйкес, конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарауды біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерді айқындау мақсатында жүзеге асырады.

Ұйымдастырушы мемлекеттік сатып алудың қорытынды хаттамасын қалыптастыру барысында **«ЕрК Астана»** ЖШС-ның тарапынан салынған құжаттарды біліктілікке сәйкес немесе сәйкес емес екендігін тексермей, аталған конкурстан негізсіз шектетілген. 2021 жылдың 08 сәуіріндегі алдын ала рұқсат беру хаттамасына сәйкес, құжаттарды толықтыруға жіберілген болатын. 2021 жылдың 14 сәуіріндегі қорытынды хаттамасына сәйкес, ұйымдастырушы толықтырылған құжаттарды тексерместен, негізсіз шектетті. Атап айтсақ;

- Өндірістік базасы Алматы қаласында орналасуы қажеттігін көрсеткен. Ал, біліктілік талаптарына сәйкес, өндірістік базасы Алматы қаласының маңында орналасуы қажет екендігі көрсетілмеген.

- «Каз Авто Жол» ЖШС–мен техникаларды жалға алу келісім шарты жарамсыз делінген. Бірақ, техникаларды жалға алу келісім шарты «Тараз Энерджимен» жасалып, конкурсқа салынған.

- «ЕрК Астана» ЖШС-да жұмыс атқаратын арнайы білімі бар жұмысшылардың арнайы құжаттары және жүргізушілердің көлік жүргізу құжаттары жоқ деп көрсеткен. Алайда, конкурсқа қатысу барысында біліктілік талапқа сәйкес, барлық жұмысшылардың құжаттары, келісім шарттары, сертификаттары, дипломдары толықтай салынған. Сонымен қатар, жұмысты сапалы атқару үшін барлық қажетті техникалар толығымен көрсетілген.

Сондай-ақ, жеңімпаз **«Кернеу и К»** ЖШС-ның Флорист маманының дәлелдеме құжаттары және аталған ЖШС-да жұмыс жасайтындығы туралы еңбек шарты немесе бұйрық көрсетілмеген. Еңбек ресурстары бойынша, жұмысшылардың арнайы мамандық бойынша жұмыс жасайтындығы туралы еңбек шарттары, арнайы дипломдар және сертификаттарының дәлелдеме құжаттары жоқ. Материалдық ресурстар бойынша техникалар толық салынбаған. Сол себепті аталған ЖШС-і біліктілік талаптарына сәйкес келмейді.

Сонымен қатар, конкурсқа қатысушы ЖШС "Сапа и К", ЖШС "Капитал Строй Проект групп", ЖШС "Аль Насыр", ЖШС «GSC», ЖШС "GaumerA-stroy", ЖШС "Орал құрылыс", ЖШС "САГА Construction", ЖШС "РОНАС", ЖШС "Capital Energy Service", ЖШС "OLBEK TRANS-1", ЖШС "СК СтарВэй", ЖШС "BUMMER Engineering", ЖШС "Батыс Құрылыс Қызмет", ЖШС "АльянсКомСтрой", ЖШС "Smarts Stroy Group", ЖШС "МТС-Актау", ЖШС "Серік бизнес құрылыс" өнім берушілері біліктілік талаптарына сәйкес келмейді. Аталған ЖШС-лардың арнайы техникалары және жұмысты мамандардың жетіспеушілігінен жұмысты толыққанды орындауға кедергі келтіреді және жұмысты сапасыз орындауға жол береді. Осыған байланысты, ұйымдастырушы тарапынан қорытынды нәтижесінің хаттамасын қайта қарауды сұрайды.

«ЕрК Астана» ЖШС директоры **Х. Абжанов**